

## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Парамова М.О.*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Құқықтық мемлекет, демократиялық қоғам құру, адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру мемлекеттің негізгі мақсаттары болып табылады. Осы мақсатқа жетуде құқықтық мәдениеттілікті, әдептілік, құқықтық сана-сезімді қалыптастыру қажет. Сонымен қатар заң білімін насихаттаудың, халықты құқықтық тұрғыдан тәрбиелеудің маңыздылығы ерекше.

Еліміз әлемдік аренада қанатын кеңінен серпіп, жас Қазақстан Республикасы ретінде танылып отыр. Тәуелсіздік алған уақыт аралығында жүргізіліп жатқан реформалар Қазақстандықтардың құқықтық санасына өз әсерін тигізуде. Бұл өзгерістер өзінің күрделі, біркелкі емес сипатымен адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, құқықтық тәртіп, заңдылық, құқық шығармашылығы мен құқық қолдану тәжірибесіне, жалпы құқықтық сананың жай-күйіне тікелей әсерін тигізуде. Қазақстан қоғамының әлеуметтік топтарының құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі ретінде елімізде жүргізіліп жатқан жалпы құқықтық оқытуды айтуға болады. Осыған байланысты 1995 жылы 21 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы жалпыға бірдей құқықтық оқытуды ұйымдастыру шаралары туралы» қаулысының қабылдануы маңызды қадам болып табылды.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, азаматтардың құқықтық сауаттылығын әрі қарай жоғарлату демократиялық еліміздің басты мақсаттарының біріне айналып отыр. Соның ішінде, өз тағдыры мен ел тағдырына аса жауапкершілікпен қарайтын ұрпақ тәрбиелеу.

Жастар мәселесі қашан да өзекті екендігі белгілі. «Ел боламын десең бесіңді түзе», – демекші, еліміздің болашағы жастардың қолында. Алайда, бүгінгі таңда кәмілетке толмағандар арасында қылмыстық іс-әрекеттерге бейім тұратын, мінез-құлқында девиацияның барлық түрі кездесетін теріс көріністер бар екенін жасыра алмаспыз. Маскүнемдік, таксикомания, нашақорлық, жезөкшілік, бақылаусыздық, қаңғыбастық, қылмыстылық сияқты келеңсіз жағдайлар кейбір жасөспірімдер үшін, өкінішке орай, таңсық емес.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген басым міндеттердің бірінде: «Өз назарымызды жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өсу проблемасына аударып, мұны кеміту шараларын қолдану міндет», - деп айтқан болатын /1/.

Осыған байланысты аталмыш мәселені шешудің тиімді жолдары іздестірілуі керек. Әсіресе, кәмілетке толмағандардың құқықтық тәрбиелену жүйесін қазіргі жағдайларға бейімдеу қажет. Бұл жүйе құқықтық білімді көтеруден ғана емес, сонымен қатар құқықтың өнегелі-адамгершілікті әлеуетін насихаттаудың, дұрыс құқықтық сана қалыптастырудан құралуы тиіс. Осыған орай бүгінде қазақстандық заңгерлер құқықтық білім мен құқықтық тәрбие адамгершілік, ізгілік қағидаларына сүйене отырып құралуы қажет деп тұжырымдауда /2, 91 б./.

Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет деп жариялаған Конституция оның ең жоғарғы құндылығы адам, адам өмірі, құқығы мен бостандығы деп ерекше атап өтті. Мұның өзі қоғамдағы көп жақты, көп сатылы қарым-қатынастарды реттеудің негізгі құралы ретінде құқықтық сана мен құқықтық мәдениет маңызының арта түсуіне жол ашты /3/.

Мемлекетіміз өзінің алдына ұзақ мерзімге үлкен жоспарлар қойып отырғанын біз жақсы білеміз. Еліміз 2030 жылдары Орта Азияның барысына айналғалы отыр /4, 3/. Бұл еліміздің көркейіп, дамитындығын көрсетеді. Отанымызды биік дәрежеге көтеріп, оның болашағына ие болып, гүлдендіретін де жастар болып табылады.

Ал жастарды осы бастан ел мен жерге құрмет көрсете білуі мақсатын қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап келе жатқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің үлгілерін өз бойына сіңіруге, ғылым мен білімнің соңғы жетістіктерін жете меңгерген кәсіпқойлыққа баулуымыз қажет.

Кәмілетке толмағандардың құқықтық санасының қалыптасу ерекшеліктерін зерделеу тек теориялық-құқықтық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ: философия, педагогика, психология, әлеуметтану, саясаттану, тарих сияқты ғылымның басқа салаларымен ұштастыра отыра талдауды талап етеді. Мұның барлығы қазіргі кезеңде кәмілетке толмағандардың құқықтық санасын қалыптастыру мәселесінің өте күрделі екендігін және өзектілігін көрсетеді.

ҚР Конституциясының «Адам және азамат» деп аталатын екінші бөлімінде неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады және балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы және парызы деп айтылған /3/. Бала – кәмелетке толмаған құқықтық тұлға, қазіргі кезде кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылыққа бару себептерінің бірі ретінде ата-аналардың өз ата-аналық міндеттерін орындамауынан немесе тиімті дәрежеде орындамауынан көруге болады, бұл жағдайды болдырмау мақсатымен мемлекет атынан көптеген іс-шаралар қолданылады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің /5/ кейбір баптарында өз балаларын тәрбиелеуден бұлтартқан, жағдайы келіспеген ата-аналармен атқарылатын маңызды жұмыстар және өз ата-аналық міндеттерін орындамаған қолайсыз отбасыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту сияқты шаралар қарастырылған.

ҚР Қылмыстық кодексінің /6/ «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» деп аталатын бөлімінде кәмелетке толмағандардың жасаған құқықбұзушылықтар үшін жауапқа тартылатын жас шамасы, қолданылатын жаза түрлері көрсетілген.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР заңында [7] кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

«ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» /8/ заңында жастар саясаты саласындағы мемлекеттің негізгі мақсаты мен бағыттары көрсетілген.

Сонымен қатар соңғы кезде құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың түрлі мәселесіне байланысты бірталай диссертациялық зерттеулер жүргізілді. Осыған байланысты С.Бейсебаеваның «Жастардың құқықтық мәдениеті» /9/ деп аталатын іздену жұмысында құқықтық тәрбие, құқықтық мәдениет, құқықтық әлеуметтану, құқықтық сананың қалыптасуы және оған әсер ететін факторлары сияқты маңызды мәселелер қарастырылса, Қ.Қ. Қарамырзаның «Жас адамдардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы және оның алдын алудың мәселелері» /10/ атты диссертациялық жұмысында кәмелетке толмағандардың құқықтық санасына әсер етуші факторлар және құқық бұзуға бейім мінез-құлқтың алдын алудың негізгі бағыттары жан-жақты зерттелуге алынған. Заңгер-ғалым С.А.Сартаевтың /11/ жұмысы кәмелетке толмағандардың құқықтық санасының ерекшеліктерін толықтай зерттеуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының болашағы оның жер байлығында ғана емес, оның болашағы еліміздің гүлденуі мен өркенденуіне үлес қосатын жастарда. Сондықтан, мемлекет жастарға қатысты айқын саясат ұстануы қажет. Жастар саясатының негізгі бағыты және мақсаты жастардың әлеуметтік мүдделерін және сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталуы керек. Жастардың қоғамда өзінің орнын тауып, қоғам үшін пайдалы қызметтер атқара алатын күшке айналуына себепші болу қажет. Қазіргі кездегі жастар саясаты еліміздің алыс болашақтағы стратегиялық дамуының бағыттарын ескере отырып жүргізілуі керек.

Құқықтық сана құқықтық мәдениеттің элементі ретінде құқық шығармашылығының қажетті қайнар көзі және құқық қолданудың мәндік негізі ретінде рөл атқаратын өзара байланысы, ішкі бірлігі бар жүйеден тұрады. Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы – қоғамдағы негативтік факторлардың әсеріне берілгіш, кәмелетке толмағандардың эмоционалды, рухани және ақыл-ойының жетілу деңгейіне, жас мөлшеріне байланысты қалыптасатын, дамитын ерекше әлеуметтік топтың құқықтық санасы болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасының негізгі ерекшелігі олардың мінез-құлқының тұрақсыздығында.

Жалпы кәмелетке толмағандардың құқықтық санасына ықпал ететін келесі факторларды атап кетейік:

1. әлеуметтік факторлар (қоғам, білім, мәдениет, т.б.);
2. психологиялық факторлар (мінез-құлқы, қарым-қатынас);
3. биологиялық факторлар.

Кәмелетке толмаған тұлғаның девианттық мінез-құлқының қалыптасуына жоғарыда атап өтілген факторлардың әрбіреуі өзінше әсерін тигізеді.

Зерттеушілер құқықтық тәрбиелеудің түрлі нысандарының (құқықтық оқыту, құқықтық насихат, өз бетімен білім алу) әрекет етуі мен олардың болжамды нәтижелілігін әр түрлі анықтайды. Қазіргі уақытта мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша құқықтық насихатты ҚР Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы № 2347 қаулысына сәйкес құқықтық білім беру мектептері жүзеге асырады. Аумақтық әділет органдарының деректеріне сәйкес өңірлерде 7097 құқықтық білім беру мектептері (ҚБМ) жұмыс істейді. Ондағы

тыңдаушылар саны 237951 адамды құрайды. Құқықтық білім беру мектептерінде сабақтар дәріс, семинар, брифингтер нысанында өткізіледі /12, 9/.

Жасөспірімдердің құқықтық дұрыс тәрбиеленуін ұйымдастыру барлық қоғам мен мемлекет тарапынан белсенді іс-шараларды, жауапкершілікті талап етеді. Бұл іс-шаралар жастардың қызығушылығымен үйлесуі керек. ХХІ ғасыр жаңа технологиялар ғасыры болғандықтан, құқықтық тәрбиені осы жағдайға негіздеген жөн болар еді. Нәтижесінде құқықтық насихат, жалпыға бірдей құқықтық оқыту, өз бетінше білім алу сияқты құқықтық тәрбиенің біршама нысандарын жетілдіруге болады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік жарнамаларды жиі қою арқылы да жастар бойында құқықтық сананың қалыптасып, оның әрі қарай дұрыс жетілуіне оң әсер етуге болады деп сенеміз.

Болашақта жастардың құқықтық мәдениетін көтеру ісінде келесі бағыттар ескерілгені орынды болар еді:

1. жастардың әлеуметтік мәртебесін айқындау және оны көтеруге қатысты әр түрлі іс-шараларды жүйелі түрде жүргізу;

2. жастардың құқықтық мәдениетін көтеруге қатысты заңнаманы жетілдіру;

3. жастардың бос уақыттарын ұтымды және тиімді өткізуін қамтамасыз ету;

4. жастардың белсенділігін арттыру. Оларды еліміздің саяси істеріне тарту. Жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау ісін одан әрі жалғастыру. Жастардың құқықтық мәдениетін көтеруге қатысты теле, радио хабарларын әзірлеу және жүйелі беріп отыру.

Қазіргі заманның басты талабы – мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сай, бәсекеге икемді түрлі саладағы жас мамандарды даярлап шығару. Оның негізіне жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесінде даярлығы мол, өзіне қойылатын әлеуметтік-адамгершілік талаптар мен этикалық нормаларды меңгерген кәсіпқой маман тұлғасын қалыптастыру, отансүйгіш, интернационалдық сезімде тәрбиеленген жастарды қалыптастыру, дүниежүзілік құқықтық дамудың тәжірибесін меңгеріп қана қоймаған, ел дамуының кәсіптік мүддесіне сай өз көзқарасын қалыптастырған, оларды пайдалана білуге дағдыланған азаматтарды тәрбиелеу басты іс болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. 2007 жылғы Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан.– 2007. – 16 наурыз.

2. Сартаев С.С. Ар мен дар алдындағы сөз: Монография. – Алматы. 2001. – 224 б.

3. ҚР Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз.

4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: Білім, 1997. – 95 б.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс. – Алматы: ЮРИСТ, 2007 – 276 б.

6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 1997 ж. 16 шілде.

7. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

8. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" заң жобасы // Егемен Қазақстан. – 2002. – 14 мамыр.

9. Бейсебаева С.Б. Жастардың құқықтық мәдениеті: Автореферат. – Алматы. – 2004. – 26 б.

10. Қарамырза Жас адамдардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы және оның алдын алу мәселелері: Автореферат – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 254 б.

11. Сартаев С.А. Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасының қалыптасу ерекшеліктері: Автореферат. – Алматы. – 2009. – 24 б.

12. ҚР Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған бағдарлама туралы Үкіметінің 2008 жылғы 29 қарашадағы №1116 қаулысы // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2008. – №45. – 25 б.

### ВОСПИТАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ КАК НЕОТЪЕМЛЕМАЯ ЧАСТЬ ГРАЖДАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Рамазанова Г.К.*

*Костанайский государственный педагогический институт*

В последнее время понятием «толерантность» оперируют все чаще, но осознание истинного значения толерантного отношения еще формируется.